

Сағыз орта мектебінің 2020 жылдың 29 тамыз күні өткізілген қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттамасы №1

Күн тәртіндегі мәселе

1. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің қатысуымен 2020-2021 оқу жылында атқарылатын іс шаралардың жоспарымен таныстыру. Қамқоршылық кеңесі төрағасы Нұрмұғанбетов А
2. Кеңес мүшелерінің міндеттерін бекіту.
3. 2020-2021 оқу жылының сабак кестесімен оқу жоспарын бекіту
4. «Мектепке жол » акциясына қатысу жіне атқарылған жұмыстар жайлы
 1. Күн тәртіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Нұрмұғанбетов А.К білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын, жалпы ережелерін қамқоршылық кеңесі міндеттері мен атқаратын іс әрекеттері туралы таныстырып өтті.
 2. Екінші сұрақ бойынша Кеңес мүшелері 2020-2021 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқыладап, құрды. Кеңес мүшелері жылдық жоспарды бірауыздан қабылдап бекітті. Келесі сөзді мектептің әлеуметтік педагогы Б.Ш. Дарбаева алып, биылғы «Мектепке жол-2020 » акциясының өту барысына тоқталып өтті. Акция барысында демеушілер арқылы тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан 55 оқушыға оқу құралдарымен көмек берілді. Әліде көмек қажет ететін аз қамтылған жануялар бар екенін мәлімдеді. Мектеп директоры м.у.а Қ.Р.Тайшыбай отырыс сонында сөз алып кеңес мүшелері жұмысына оң баға беріп, алғысын білдірді.
 3. Үшінші сұрақ бойынша мектептегі қамқорлық кеңесінің төрағасы А.К.Нұрмұғанбетов мектептің оқу жұмыс жоспары оқушылардың білім сапасын арттыруға және жан жақты рухани- мәдени дамуына әсерін тигізетінін баса айта келіп, оқу жоспарында берілген вариативті бөліктерінің мектеп және оқушы компонентіне кірген таңдау курстары мен үйірмелер үшін берілген сағаттарға және сабак кестесінің құрылымына келісетінін білдірді.


Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін, іс шаралар мерзімге сай өткізілсін.
2. 2020-2021 оқу жылының сабак кестесі мен оқу жоспары бекітілсін.
3. «Мектепке жол - 2020» акциясы жұмысы жаксы деп саналсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

 Нұрмұғанбетов А

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

 Ж.Медиева

Сағыз орта мектебінің 2020 жылдың қараша айында өткізілген қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттамасы №2

Өткізілген күні: 03.11.2020 ж

Катысқаны: қамқоршылық кеңестің мүшелері-

Күн тәртібіндегі мәселе

1. Қамқоршылық кеңесінің тәрағасын сайлау.
2. «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы - серіктестер» тақырыбында отбасы сафаты
3. Республикалық «Мектепке жол » акциясы аясында көрсетілген көмек түрлеріне есеп беру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Сағыз орта мектебі» ММ-нің қамқоршылық кеңес тәрағасын тағайындау туралы.

Директордың м.у.а: Г.М.Жумагазина бұрынғы қамқоршылық кеңес тәрағалығын атқарып келген Нұрмағанбетов Айтқали Құлетұлы отбасы жағдайына байланысты өтініш берген болатын сол өтінішін қанағаттандырып атқарып келген қызметінен босатқан болатынмын, оның орнына ұсынылып отырған Медиева Жадыраны жақсы танимыз осы қамқоршылық кеңесінің мүшесі болды. Жұмысты жалғастырып кетеді деп сенім білдіремін.

Екінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Жаулы «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестер » тақырыбында ZOOM платформасы арқылы өткізілген отбасы сафатына мектептің ата аналары қатысқаны туралы және қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелерінің бірі бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың көбеюі . Осында жағдайлардың алдын алу үшін балаларымыздың бойында дұрыс құқықтық тәрбие мен құқықтық білім берілуі керектігін айта келе құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата аналарға арналған жаднамамен және 111- бап, 112- бап, 330 – бап, 336- баптармен таныстырып өтті. Тек ата аналармен бірге, жалпы күш жігерді біріктіру арқасында , мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін деп өз сөзін аяқтады.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Б.Дарбаева: биылғы оқу жылы оқу үрдісі қашықтықтан оқу форматында болғандықтан мектеп оқушыларын COVID-19 короновирустық инфекциясының таралыуының алдын алуға және эпидемиологиялық жағдайға байланысты санитарлық талаптар қатаң сакталып отырды. Барлық оқушылар мен мұғалімдер маскамен арақашықты сақтап сабак өткізуде . Сонымен бірге биылғы оқу жылында оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерденеліп, әлеуметтік төлкүжат жасалды. Сол негізінде мектептегі көп балалы отбасы, аз қамтылған отбасы, жетім және толық емес отбасы балаларына ЖМОҚ-нан 800750 теңге қаражат бөлініп, 55 оқушыға спорттық аяқ киім, спорттық костюм алынып берілді. Қазіргі төтенше жағдай , пандемия кезінде оқушылардың үйде онлайн арқылы қашықтықтан оқып отыруына байланысты, аз


қамтылған отбасы балаларына, үйінде интернет желісі жоқ болу қындықтарын қаастырып, болу қындықтарын қаастырып, 34 оқушыны роутермен, 35 оқушы компьютер, ноутбуқпен қамтамасыз етілді.

Қаулы етеді:

1. 2020-2021 оқу жылының II оқу тоқсанында орта білім беру ұйымдарын қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуы «қанағаттанарлық» деп танылсын.

2. Қамқоршылық кеңестің тәрағасы мен мүшелері тәмендегі құрамда бекітілсін:

Қамқоршылық кеңестің тәрайымы:  Медиева Жадыра

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:  Тақтанова Гүлнұр

Мүшелері:  Хисамиденова Н

Сагидан Н

 Есімов Е

 Шегірова А

 Кемал С

Хаттама № 3

21.12.2020 ж

Сағыз орта мектебі жанындағы қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы болып өтті.

Катысқаны: 6

Катыспағаны: 3

Күн тәртібінде :

«Сағыз орта мектебі» КММ-нің директорының бос лауазымдық орнына Жумагазина Гулмира Мұханбетовнаның кандидатурасын ұсыну туралы

Тыңдалды: Медиева Ж- кеңес тәрайымы

Қамқоршылық кеңесінің тәрайымы Жадыра Медиева Сағыз орта мектебі директорының бос лауазымдық орнына үміткер Жумагазина Гулмира Мұханбетовна еңбек жолын 1997 жылы Сағыз орта мектебіне өз мамандығы бойынша жұмысқа қабылданды, 2017 жылы осы мектепке оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалып еңбек етіп келеді. Жумагазина Гулмира перспективалық даму жоспарынмен , алға қойған мақсаттарымен видео және аудио арқылы көрсетіп бөлісті..

Сойлеушілер:

Сағидан Н: Осы Сағыз орта мектебінде ата – аналар тәрайымы болып жұмыс жасаймын. Жумагазина Гулмираның даму жоспарына, алдағы бағдарламасына ,құрылған жоспарына сенемін. Мектептің осы кезге дейінгі жасағанabyройлы ісін әрі қарай асқақтатады деп сенемін. Қарсылығым жоқ.

Хисамиденова Н: Мен өзім Жумагазина Гулмира Мұханбетқызын бірауыздан қолдаймын,сенемін,дауысымды беремін. Өте жоспарлары түсінікті,bірауыздан қолдаймын. Мектеп басшылығына лайықты азamatsha. Қарсылығым жоқ.

Шегір А: Енді біз осы ауылдың тұрғынымыз. Жалпы Сағыз орта мектебінің шәкіртімін, осы мектепте білім алғанмын. Гулмира апайдың алдынан шәкірт болып түсіп, оқып шыққанмын. Гулмира апайды жақсы танимын. Осы мектеке қалаулы ,өзіндік орны бар . Қазіргі таңда директорлыққа сайланып жатыр еken қарсылығым жоқ. Мектеп директоры лауазымына лайықты деп Жумагазина Гулмира Мұханбетовнаның кандидатурасын макулдеймын.

Есімов Е: Жумагазина Гулмираның директорлыққа түсіне қарсы емеспін,қолдаймын,сенемін. Алдағы болашақта мектепті алға сүйреуіне сенім білдіремін. Гулмира апай мектепте жұмыс жасаған уақыттарында да мектептің алға басуына өз үлесін қоса білген сенімді маман болды. Мектеп директоры лауазымын ала отырып,жан - жақты жұмыс жасайды ,жас үрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайды деп сенім білдіремін. Қарсылығым жоқ.

Кемалов С: Үміткер Жумагазина Гулмираның мектепке басшылық қызметке келген кезде алдына қойып отырган бағдарламасын тыңдадық. Бұл үжым- Гулмира апайдың өзі білім алған, еңбек еткен алтын үясы, алдағы уақытта балалардың білім алуына жағдай жасап, мұғалім мәртебесін арттырады деп сенемін. Қарсылығым жоқ.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселені талқылай келе қамқоршылық кеңес отырысы қаулы етеді.

- Сағыз орта мектебі директорының бос лауазымдық орнына үміткер Жумагазина Гулмира Муханбетовнаның кандидатурасы бірауыздан қабылдансын.

Дауды беру көрсеткіші:

Макұлдады: 6

Қарсы :0

Қалыс : 0

Қамқоршылық кеңес тәрайымы:

Кеңес хатшысы:

Мүшелері

 Ж.Медиева

 Г.Тақтанова

 Н.Хисамеденова

 Ебілханов Е

 Н. Сағидан

 Е. Есімов

 А.Шегірова

 С. Кемал

**Сағыз орта мектебі бойынша 2020-2021 оқу жылында 1 наурызда өткізілген қамқоршылық
кеңесінің жиналышы туралы**

Хаттама №4

Қатысқандар 6 адам

Қатыспағандар 3 адам

Өткізу түрі: оффлайн

Отырыстың төрағасы: Медеева Жадыра

Қарастырылатын сұрақтар:

1. Кезекші сыныптар санитарлық нормаларын қадағалау.
2. 70% оффлайн және 30% онлайн жұмысын жүргізу.
3. Медбикелер кабинеттерді әр аудиосым бойынша тексеру, кварцевание өткізу, оқушылардың анықтамаларын тексеру.

1-сұрақ бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Жаулы Бауыржан кезекші сыныптардың санитарлық нормаларын талапқа сай өз деңгейінде орындалуын және әр сынып жетекші оқушыларға осы туралы түсіндірмелі жұмыстары жүргізілді. Аудиосым сайын медбикелер санитарлық нормаларын талапқа сай орындалуын қадағалап отыр.

2-сұрақ бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бүйріғына сәйкес Кезекші топтардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы педагогикалық кеңестің отырысында бекітіледі, қажет болған жағдайда өзгерістер енгізіледі. Кезекші топтардағы білім беру процесі мектепке дейінгі ұйымның бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-сұрақ бойынша мектеп медбикесі

- 1) Мектепке кіру кезінде медицина қызметкерінің білім алушылар мен педагогтердің температурасын күн сайын өлшенеді;
- 2) Маскаларды қию режимін қамтамасыз етіледі;
- 3) Оку үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастырылды;
- 4) Кабинеттерді және барлық жайларды желдетіледі, кваррталады;
- 5) Қолды жуу және арнайы құралдар пайдаланады;

Шешімі:

1. Кезекші сыныптардың санитарлық нормаларын талапқа сай орындалуы бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы №345 бүйріғына сәйкес жұмыс жасалып қадағалансын.
3. Мектеп медбикесі санитарлық нормаларды сақтап, жұмытардың орындалуын жүзеге асырылысын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Ж.Медиева

Хатшы:

 Тектанова Гүлнұр

Сағыз орта мектебі Қамқоршылық кеңесі отырысының №5 хаттamasы.

21.05.2021 ж

Қатысқандар:13

Күн тәртібінде:

Жиналыш мақсаты: Қамқоршылық кеңесінің жылдық қорытынды есебі. 21.05.2021ж

Қатысқандар: қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі.

Мектеп басшысы : Г.М.Жумагазина.

Тәрбие жөніндегі орынбасар : Қ.Р.Тайшыбай.

Әл.педагог: Б.Ш.Дарбаева

Күн тәртібінде :

1. Қамқоршылық кеңесінің тәрайымы Медиева Ж жылдық есебі.

2. Жыл бойы жасалған жұмыстарды сараптау, ұсыныс, пікірлер айту .

Тыңдалды :

Қамқоршылық кеңесінің тәрайымы Медиева Ж 16.09.2020ж мектепішілік ата-аналар жиналышында қамқоршылық кеңесінің мүшелері сайланды. Қамқоршылық кеңесінің құрамына осы 9 адам тағайындалған болатын. Құрамына жеке кәсіпкерлер, мектеп инспекторы, ата-аналар комитетінің тәрайымы кірді. 03.11.2020 жылы қамқоршылық кеңесінің екінші отырысы болып, кеңес мүшелері шешімімен, онда кеңестің тәрайымына өзім тағайындалған болатынмын. Осы отырыста қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері туралы танысып, жылдық жоспар жасақталып, бекітіліп кеңес өз жұмысын одан ары жалғастырған болатын.

01.03.21 жылы қамқоршылық кеңестің 4-ші отырысы болып өтті. Отырыста 15.02.21ж 8-сыныптар арасында ұйымдастырылған мектепішілік «Жақсылық жерде қалмайды » атты қайырымдылық акциялары өткізіліп, оқушылар тәтті тағамдар пісіріп жәрменеке ұйымдастырып, барлығы 11.900 теңге ақша түсті және мұғалімдер тарапынан 40 мың теңгедей ақшалай көмек көрсетті. Қамқоршылық кеңесінің шешімімен аз қамтылған отбасы балаларына киім кешекпен көмек көрсетілді.

Өткізілген акция жұмыстары бойынша аз қамтылған отбасы балаларына киім -кешектер үлестірілді. Хаттама БАҚ беттеріне жарияланды.

. М ұғалімдер тарапынан рамазан айында аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету мақсатында акция ұйымдастырылған болатын, одан 23 мың теңге көлемінде ақша жиналды.. Жартылай жетім отбасы балаларына спорттық киімдер алынып берілді.

Шығып сейледі : Медиева Ж жыл бойына бірнеше балаға көмек көрсетілгенімен мектепте аз қамтылған отбасы балаларының көптігіне байланысты келесі оқу жылында кәсіпкерлерді көптең тартуға ұсыныс білдірді. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бір- бірімен тығыз байланыста болып, өліде әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға одан әрі көмек көрсету керектігін айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің жыл бойына атқарылған жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын .
2. Келесі оқу жылында әлеуметтік көмекке мұқтаж, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету мақсатында кәсіпкерлерді тарту.

Қамқоршылық кеңесінің тәрайымы :  Ж. Медиева
Хатшы :  Г. Тақтанова .